

ЕУРАЗИЯ  
ҰЛТТЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ



«Поэзиядағы  
Дулат Бабатайұлы  
дәстүрі және ұлттық  
тұтастық идеясы»

220 жыл

халықаралық ғылыми-  
тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

26 мамыр, 2022 жыл

Астана



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ ТЕЛЕРАДИО  
ЖӘНЕ ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫС КАФЕДРАСЫ**

---

ХІХ ғасырдағы қазақ жазба поэзиясының негізін қалаушы,  
дауылпаз ақын Дулат Бабатайұлының туғанына 220 жыл толуына арналған  
**«ПОЭЗИЯДАҒЫ ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫ ДӘСТҮРІ ЖӘНЕ  
ҰЛТТЫҚ ТҮТАСТЫҚ ИДЕЯСЫ»**  
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

*(2022 жылдың 26 мамыры)*

**ӘОЖ 82.0**  
**ББК 83.3 (5Каз)**  
**П 62**

**Редакция алқасы:**

Қамзабекұлы Д., Омаров Б., Дүйсенғазы С., Кемеңгер Қ., Байгожина Д., Саурбаева А.

XIX ғасырдағы қазақ жазба поэзиясының негізін қалаушы, дауылпаз ақын Дулат Бабатайұлының туғанына 220 жыл толуына арналған «Поэзиядағы Дулат Бабатайұлы дәстүрі және ұлттық тұтастық идеясы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары: Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 182 б., қазақ, орыс.

**ISBN 978-601-337-793-3**

Жинақта XIX ғасырдағы қазақ жазба поэзиясының негізін қалаушы, дауылпаз ақын Дулат Бабатайұлының туғанына 220 жыл толуына арналған «Поэзиядағы Дулат Бабатайұлы дәстүрі және ұлттық тұтастық идеясы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары қамтылған. Конференция жинағында филология, тарих, журналистика салаларын зерттеуші ғалымдар, ҚР Парламент депутаттары, жазушылар және қоғам қайраткерлері және Татарстан ғалымдарының баяндамалары бар.

Басылым ЖОО және арнайы білім беретін мекемелердің оқытушыларына, сондай-ақ, филология және журналистика салаларына қызығушылық танытатын оқырмандарға арналған.

Жинаққа енгізілген материалдарға автордың өзі жауапты.

**ӘОЖ 82.0**  
**КБЖ 83.3(5Каз)**

**ISBN 978-601-337-793-3**

## МҰРАТОВА ГҮЛНӘР

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,  
Аударма теория және практикасы кафедрасының профессоры,  
филология ғылымдарының докторы*

### ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫНЫҢ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫ

*Кіріспе.* Ұлт руханиятының көрнекті өкілі, парасаты биік, пайымы терең Әбіш Кекілбаевтің 2008 жылы айтқан мына сөздерін Дулат Бабатайұлының тұлғасымен байланыстыруға болады. «Әлеуметпен бірге өмір сүретін, әлеумет уайымдайтын проблемаларды бірге уайымдасатын, сондай-ақ уайымнан құпия жасамайтын, керісінше, қабырғалы жұртына жайып салатын қаламгерлер болу керек». Дулат Бабатайұлының ақындық позициясын дәл айқындап, шынайы шығармашылық жолын әділ көрсететін анықтама деп есептеуге лайық. Өйткені, Дулат өмір сүрген замандағы қоғамдық жағдайдың шындығы, елдің мұны, басқыншылыққа ұшырау, қазақ ұлтының шерлі жылдары... Дулат жырымен берілген. Дулат ақын, бүгінгі тілмен айтқанда, сол кезеңнің геосаяси жағдайын жетік білген және оны өз шығармашылығына ашық та айқын арқау еткен. Өлеңдерінде қоғамдық жағдайды дөп басып, «қырағылықпен алысты болжап, алыс-жақындағы дұшпанын қапысыз таниды»: Батыста патша түнегі жеріңе келіп түнеді./Жоңыңнан таспа тіледі, ішіне әбден кіреді, оны Дулат біледі... - деп отаршыл империяның саясатын саралап берген болатын.

Енді негізгі тақырыбымызға көшсек... *Дулат Бабатайұлының тілдік тұлғасы*

«Кеудем – ақыл сарайы, кірем десең, кел міне!», - деп өзінің ақыл сарайына кіруге шақырған Дулаттың ақындық әлеміне толық бойлап болдық па? Дулаттың өзі айтқандай, «сорғалаған нәсердей – жырын танып болдық па?» Суреткерлік үні өзгелерден ерекше ақын – Дулат Бабатайұлы туралы абайтанушы ғалым Мұхтар Әуезов қазақ әдеби тілінің келелі мәселелеріне арналған 1959 жылғы ғылыми-теориялық конференция қарарында: Дулат Бабатайұлының шығармашылығы мен тілі әлі де сын тұрғысынан қаралып, зерттелуі қажеттігіне екпін түсіре айтқаны мәлім.

Бұл мәселе бүгінгі күнінің де парызы мен қарызына айналып отырғанына – осы конференцияда көтеріліп жатқан өзекті ойлардың өзі-ақ дәлел.

«Зер қадірін зергер таниды» дегендей академик Р. Сыздықова: «Дулат – Абайдың алдында өткен қазақ сөз зергерлерінің ішіндегі ең мықтысы! Дулат – ауызша тарап келген ақын-жыраулар тілі мен Абай бастаған жазба әдеби тілді жалғастыратын көпір. Дулат ақын өзіне дейінгі ауызша тарап, ауызша сақталып келген мол дәстүрлі, ұзақ тарихты қазақ поэзиясы мектебін түйіндеп, жаңа жазба поэзияның белгілерін бастаушы ақын» екендігі туралы Дулат Бабатайұлының қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеуге байланысты еңбектерінде нақты көрсеткен болатын. Оның қазақ әдеби тілінің даму барысына өлшеусіз үлес қосқанын атап өтеді.

Әдеби тілдің, оның жазба түрінің бір күнде, тіпті бір жылда пайда болмайтындығы, оның алдында соған қажет мықты іргетастар қаланатындығы алғышарттар жасалатындығы белгілі... Міне, осындай іргетастың үлкен бір қалаушы біз Дулат творчествосынан танимыз. «Дулат поэзиясының өмірге келуімен байланысты сөз өнері жаңа сатыға көтерілді» деген академик Р.Сыздықованың парасатты пайымы – толымды да іргелі зерттеулерге бағдар сілтейтіні анық.

*Тіл – ұлттың рухы.*

Халықтың мәдени дүниесі – тіл арқылы танылатыны белгілі. Ұлттық тілдің табиғатын, тілдің өзінің ішкі заңдылықтары (иманенттік тіл білімі) негізінде ғана зерттеу жеткіліксіз. Тілдің, оның кумулятивтік қызметін халықтың тарихымен, мәдениетімен, ой танымымен, жан ілімімен бірлікте қарастыру мәселесі бүгінгі тілдегі соны бағыт – антропоөзектік тіл білімімен сабақтас, сондықтан, Дулат Бабатайұлы шығармашылығын тілді зерттеудің танымдық парадигмасы негізінде жүргізілуі қажет.

Дулат тілінің ерекше поэтикасын тек тілдік теңеу, метафора деңгейінде ғана сөз ету - оның шығармашылығының мәдени, рухани құндылығын толық ашып бере алмас еді. Сондықтан, ақынның *тілдік тұлғасын* қазақ тіл білімі ғылымында өріс алып, өркендеп келе жатқан этнолингвистика, психоллингвистика, когнитивті-лингвистика, мәдениеттану аясында кешенді сипатта қарастыру асы маңызды.

*Өмір концептісінің когнитивтік моделі.*

Қазақ дүниетанымының, оның ішінде Дулат ақын шығармаларының, ұлттық ерекшелігін көрсететін лингвокогнитивтік бірлік қатарында «Сөзім бар да, көзім жоқ» шығармасындағы «Саудагер сарттай қайтты өмір, құмар ойнап ұтылған» деп келетін пәлсапалық тұжырымын алайық.

Ұлы Абайдың «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» шығармасындағы «Асық ұтыс сықылды алыс-беріс, тірі жанның қылғаны бүгін тегіс» деп келетін тілдік фразалардың ортақ лексика-семантикалық топ құрап тұрғандығына дискурстық талдау жасауға болады. Дулаттың тілдік тұлғасындағы осы жолдың мәнін түсіну үшін, әрине, оқырманның пресупозициялық дайындығы болу қажет. Керуен тартып, жанын жалдап, ұзақ сапар шеккен, сауда жасап, біреуді алдап, біреуді арбап пайда тапқан саудагер бар тапқан байлығын құмар ойынға ұтқызып, азып-тозып қайтқан өкінішті жағдайы өмір концептісіне сәйкес келеді.

Ал Абайда қазақ дүниетанымының ұлттық ерекшелігін көрсететін келесі бір ақпарат «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» шығармасындағы когнитивті құрылымының айтары да – сол.

«Асық ұтыс сықылды алыс-беріс,  
Тірі жанның қылғаны бүгін тегіс.  
Бірі көйтке таласып, бірі арам қап,  
Төбелескен, дауласқан жанжал-керіс»

Байлаулылық пен тұрлаусыздықтың ит жығысында, құндылықтар күнде өзгеріп жатқан заманның құбылмалы мінезі бірде жеңіп, бірде жеңіліс табатын асық ойнына ұқсастырыла беріледі (ассоциация).

Автор дүниенің ұлттық бейнесін шынайы образбен беруде этнолексемалардың (асық, көйт, ұтыс) семантикасына сүйенеді. *Асық, ұтыс, көйтке таласу, арам қалу, дауласу* сияқты тілдік бірліктер асық ойнына тән әрекеттерді білдіретін лексемалар – адамдар арасындағы қоғамдық қарым- қатынасты суреттеу мақсатында бейнелі әрі ұтымды қолданылған. Тіл жеткізуші осы лингвомәдени код арқылы өмір шындығын дәл беру мүмкіндігін иеленеді.

Келесі мысал, «Саулы иіп Дулат жүр, місе тұтып тұлыпты». Әрине, тілдік санамыздағы «тұлыпқа мөңіреген сиырдай» деген фразеологизм бірденеске түсе кетеді. Қазақ үшін таныс образ. Оның концептуалды мәнін, қолданылу уәжін, пайда болу мотивациясын бұл тұста айтып жату көп уақыт алатындықтан бірден дискурстық талдауға көшейік. Бұл контекстің мәні ұлт тағдырының тұлыпқа мөңірегендей қалпын көрсетеді. Тұлыпты иіскеп, соны місе тұтқан, соған алданып, жұбаныш еткен бейне көз алдымызға келеді. Лирикалық кейіпкер тұлыпқа мөңіреп алданбайды, соған сеніп қалмайды, бірақ соны жұбаныш етеді. Сол кездегі, Дулат заманындағы елдің дәмегөй көңілі көрсетілгендей. Мал қорадағы тұлыптың әлеуметтік мазмұны және символдық мәні неде?

Тұлыпқа мөңіреу – өз-өзіңді алдау. Кейде тұлыпқа мөңіреу – өз-өзіңді жұбату. Ал енді бірде тұлыпқа мөңіреу – місе тұту, болмашыға қанағаттану, соған да риза болу. Сонда тұлып ненің образы? Болашаққа үміт арту. Отаршылдар ойраны басылар деп үміттену. Ұлықтың арқаға қаққанына сеніп қалып, соны місе тұту...

*Қымыз – рухани құндылық көрсеткіші.*

Зерделеп, зерттегенде танылғаны – Дулат ақын мен Абай көзқарастарында *идеологиялық қайшылық емес, рухани үндестіктің, үйлесімнің* болуы, тіпті жиі қайталанатыны дәстүрге айналған деуге болады.

Дулат пен Абай шығармашылығында тілдік, көркемдік үйлесіммен қатар, дүниетаным және ой үндестігі де қабысып жатыр. Солардың қатарында Дулат ақынның «Қылжың, қылжақ туысқан» және «Май, май, май дейсің» шығармасы мен Абайдың «Аш қарын жұбана ма, майлы ас жемей» және «Осы қымыз қазаққа»... деген өлеңдері бар. Осы шығармаларда екі суреткер де қазақ тіршілігіндегі қымыз сияқты қасиетті, мәні зор ас, тағам түрін, физиологиялық қажеттілік қана емес, идеологиялық тәрбие құралы ретінде пайдаланбақ болған деп айта аламыз.

Абай қымыз аңдыған, «жылы жүзін асқа сатқандар» мен қымыз берер ауылды іздеп жүрген серменділерді сынайды. Өз еңбегімен мал табуға үндейді. «Асаған, ұрттағанға (қымызға) жұбанатын ез болмай», еңбек ету керектігін айтады.

Ал Дулат ақын «Қымыз құмар, сор құмар / Сор құмар өңшең сорлылар. / Қымызы бар құтыртса, / Соқтығасын әркімге, / Қарамай қара, ағына.», - деп пенделік күйкі тірлігін сынға алады, биік адагершілікке бағыт сілтейді.

Әлеуметтік сарын адамның пиғыл-ниетінен оның тағамына ауысқан. Әйтсе де, келесі бейне екі авторда бірдей әрекет етеді. Екеуінің шаруаға құлқы жоқ, екеуінің де аңдығаны – тамақ. Салыстырсақ:

Абайда: *«Еңбек жоқ, қарекет жоқ, қазақ кедей,  
Тамақ аңдап қайтеді тентіремей  
Ет пен қымыз сықылды ас жоқ дейді,  
Ол немене жоқтықтың әсері емей»...*  
Дулатта: *«Шаруа десе жиреңдеп,  
Өсек десе сүйрендеп,  
Қымыз аңдып қыдырып,  
Бейпіл сөзге сыдырып,  
Жалаңдасып ұл кетті»*

Абай тілдік тұлғасында қымыздың коннотациялық мәніне қатысты алғанда дүниенің тілдік бейнесі автор танымында мына тұрғыдан суреттеледі:

1. Қымыз – әлеуметтік жіктелістің символы. Қымызы бар қымызы жоқты өзіне тәуелді етеді.

«Бір жілік пен бір аяқ қымыз берген / Дереу сені жұмсайды біржұмысқа»;

2) *Қымыз – байлықтың бағасын арттырушы құрал, сөйтіп мақтанға көрі беруші ықпалды күш.*

*«Осы қымыз қазаққа / Мақтаның ба, асың ба?  
Мақтанға бола жиям деп, / Жылқы үшін жұртқа бас ұрма.  
Қымыз, семіз дегенің / Бір мақтан ғой жасырма».*  
Ал Дулат дүниетанымында былайша беріледі:  
*«Орынсыз сөз сөйлейсің,  
Қымызы барға жағына.  
Қымызы бар қылтиса,  
Сүмірейіп кетесің,  
Ақау түсіп сағыңа.  
Қымызы бар хош алса,  
Дүрдиесің мінгендей  
Қара орын хан тағына.  
Қымызға тойып алған соң,  
Сөз сөйлейсің қағына.  
Қымызы бар құтыртса,  
Соқтығасың әркімге,  
Қарамай қара, ағына.»*

Осы тақырып пен идея жалғастығы принципі, дәстүр жалғастығы Абайға дейінгі және онымен тұстас, одан кейінгі де қазақ көркем әдеби тілінде әрі қарай өрістегеніне куә боламыз.

Салыстыра қарағанда, «Қымыз» тақырыбы Дулат ақында да, Абайда да, А.Байтұрсынұлы және І.Жансүгіров те де әлеуметтік мәселе деңгейінде көтеріліп, қоғамдық дәрежеге жеткенін байқадық.

Олар өз шығармашылығын және саяси мүдделері мен мұратын жүзеге асыратын, *күрес алаңы* етіп алады. Ал өлеңдерін сол идеяларын жүзеге асыруға бағыштайды немесе ағартушылық мақсатқа пайдаланады. «Қымыз» концептісі А.Байтұрсынұлының да бірнеше өлеңдерінің идеялық-стильдік көркемдігіне айналған.

Соның бірі – Абайдың «Сегіз аяғы» үлгісімен жазылған «Жиған- терген» атты идеологиялық салмағы зор шығармасында көрініс табады.

*«Емшегін еміп, / Анаға сеніп, / Бала ұйықтайды жастықпен.*

*Қымызға қанып, / Қызарып жанып, / Бай ұйықтайды мастықпен».* Бұл мәнмәтіндегі *қымызға қану – елдің өзін-өзі ұмытуы* деген астарлы ойды білдіреді. Мәтін түзімін құраушы компоненттер осы ойды дәлелдей түседі, яғни «түксиген мұртты обыр» әдейі осылай етеді. Ол қазақтың өз қымызын өзіне жау етіп, ұйықтатып тастайтын, рухани ұйқыға жіберетін у – дәрі ретінде пайдаланады. Автордың жан айқайы:

*«Түн етіп күнін, Көрсетпей мінін, / Оятқызбай қорып тұр / Обыр болса қамқорың, / Қайнағаны сол сорың!»* - дегендей естіліп, көзі жұмулы елдің, санасын «аш көзінді, оян!» - деп сілкілемек болады. Бұл – А.Байтұрсынұлының ел еңсесін көтеру үшін және билеуші империя саясатынан сақтандыру үшін қолданған амалы. Өлеңнің прагмастилис- тикалық мақсаты осылай анықталады.

*Қорыта келгенде,* талдауға түскен мәтіндерде «бие сүтінен ашытылып жасалған тағамдық және емдік қасиеті күшті сусын әрі ұлттық ерекшелікті айқындайтын тағам түрі – *қымыз*» – *әлеуметтік сарын, қоғамдық мазмұн иеленген лингвокогнитивтік таңбаға, мәдени-қоғамдық ақпарат көзіне айналып отырғанына көз жеткіздік.*

Дулат-Абай шығармашылығында өтірік пен жалғанға, алдау мен қулыққа, пысық-әккі қуларға әлеуметтік мән берілген. Оларды қоғамның ауруы, сылап тастар мерезі деп санаған. Абайдың өзі бағалағандай, «Қулық емес, бұл – бір дерт» болатын.

*Отаршыл империя өз саясатына лайық (сәйкес келетін), аяр, екі жүзді, қу атқамінерді даярлайды және оның бойына өзінің бар сұмдығын «сіңіртеді». Ол ұлттың өзінің туа бітті қасиеті емес, қоғамдық факторлар әсері болатын.*

*Арнау өлеңдері (прецедентті мәтіндер)*

Прецедентті мәтін немесе прецедентті есім – ол көркем мәтіндегі кейіпкерлер образы. Қоғамдық ортасына танымал, қоғамдық саяси және тарихи мәні бар оқиғаларға қатысты адамдар туралы тарихи-мәдени ақпарат беретін дереккөз қызметін атқарады. Абай-Дулат дискурсындағы әр есім лингвомәдени семантикаға ие.

Азуы алты қарыс Барақ пен шынжырлының сойылы Кеңесбайлардың зұлымдықтарын бетіне басса, Еспембет поэмасында «Еспембеттей ер қайда, ер күтетін ел қайда?» - деп елдің бірлігін берік, елдігін мығым ету үшін жауға айбар, елге қорған болар ер бейнесін сомдайды. Ол үшін көріктеу амалдарының небір түрін пайдаланады. («Бараққа», «Кеңесбайға», «Сүлейменге», «Ешенге», «Ақтанға», «Баласына айтқаны» - Дулат шығармашылығында).

*«Өмірдің өрін тауысып, / Білімсізбен алысқан»* ойшыл Абай аты аталған замандастарының кейбіріне сүйінеді, кейбірін қырына алып, сынына нысан ете отырып, «мұндай елден бойың тарт», – деп кейінгі жасты безіндіреді: «Татулықты, тыныштықты қоңыр көрер, кем көрер, ұрлық пен қулықты қызық көрер», сөйткенде барып «өңі енер» ауылдастарын заманымен қоса (жаманын да) түзетпек болады. Олар: «өсек тасып безектеген» Көжекбай; «әсемсіген» Көкбай; «намаз білмес пақыр» Абралы; «бар малын шығындап» болыс болған Күлембай және тағы басқалары. (Дүниежүзін түгел жаулап алмақ болған Александр Македонский-Ескендір Зұлқарнайын).

*«Баласына айтқаны».*

Әдетте, «Әкеңнің айтқан бұл сөзін, құтысына көңіліңнің төгіп алма, дәлдеп құй» деген өлең жолдарын афоризм етіп аламыз. Сонда не айтты?

«Баласына айтқаны» өлеңінде тәлім алар ұрпағын кері қасиет мінездерден жирендіруге тырысады. Сөзін тыңдайтын ойлы, саналы ұрпағын іздейді. Ал Дулат дискурсындағы осы өлең жолдарын байыптай қарасақ, Қабуснамадағы Қайқаустың баласы Гиляншахқа айтқаны («ғибрат алғайсын, мен аталық парызымды өтейін, қалғанын өзін білесің»), Хакім Абайдың Ғақлиясындағы, Бірінші Қарасөздегі, «Өз сөзім өзімдікі, керек десең қаперіңе ілерсің», XVI ғасырдағы француз философы Мишель Монтеньнің «Опыты-тәжірибе» эсселеріндегі («көкірек көзіңнен өткеруге ықыластысын ба, жоқ па, өз еркің. Ертең мен мәңгілік сапарға аттанғанда рухыммен сырласқандай болсан, осы кітабымнан мені табарсын») ұрпағына айтқан сөздері ойға оралады.

Дулат-әке ағайын арасындағы, қоғамдағы шиеленіскен қайшылықтарға жіті қарауды жүктейді. Адам мұратына жету үшін өмірдегі кездесетін әлеуметтік қайшылықтар мен кедергілерді дұрыс шеше білуге үндейді. Бұл шығарманы ұрпағын рухани жетілдіру, ұрпағына парасатты ой сыйлау деп түсінеміз. Абай-Дулат шығармаларының прагматикасы, түпкі мақсаты – халықты рухани кемелдендіру, сол жолға жетелеу. «Менің айтқан бұл сөзім өміріңе пайдалы – басында болса, егер ми», - деп түйіндейді Дулат ақын.

*Тілдік тұлға феноменіне қойылатын мына талаптарға сөз зергері Дулат шығармашылығы толығымен жауап бере алады:*

1) Өз дискурсын қалыптастыруда шеберлік үлгісін көрсеткен ақын («іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын» таңдай алған);

2) Ұлттық өре биігінен сөйлей алатын, жалпы адамзаттық ауқымдағы ой қазығы бар суреткер;

3) Әдеби тіл дамуына үлес қоса алатын, өзіндік қолтаңбасы бар қаламгерлік даралық көрсеткен сөз иесі болуы керек;

Дулат тілдік тұлғасының вербалды-семантикалық деңгейін, лингвокогнитивтік деңгейін, прагматикалық деңгейін оның шығармаларының тілі арқылы жан-жақты ашуға әбден болады. Біз жоғарыдағы талдауларымызда осы әр деңгейді қысқаша сипаттап өттік.

Ол өзінің авторлық образын түрлі көркемдік айшықтау тәсілдерімен бергені мәлім, өз социумы ортасында ел мұңын айтқан ақын да, қарапайым халық өкілі де, тентекті тезге салған тәрбиеші-қазы да бола білді.

Суреткердің шығармалар жинағында «Ақындық туралы», Ақынның өзі туралы» деп беріліп жүрген «Тегімді менің сұрасан, қалың найман нуынан...» деп басталатын шығармасы *филологиялық танымдағы жаңа бағыт аясында қарастырылуы керек...*

*Қорытынды.*

Дулат шығармашылығын лингвомәдениеттану, этнолингвистика, психоллингвистика салалары аясында әрі қарай теориялық-практикалық тұрғыда тереңнен зерттеу бүгінгі қазақ тіл білімінің тағы бір мақсат-міндетіне айналуы қажет. Дулат тақырыбының өзекті болатын себебі: ұрпаққа ұлағат болар аталы сөздерін қайта жаңғыртып, ұлттық тәрбиенің тініне айналдырумен тығыз байланысты.

Өткенін өлтірмейтін заманға ие болдық. Сол заманға ие бүгінгі жастар Дулат-Абай парасатына бас иіп, рухани құндылықтарды өз бойына дарыта білуі мәңгілік елдің мәңгілік мәселесі болып қалары анық.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Кекілбаев Ә. «Нұр-Астана», маусым. - 2008.
2. Бабатайұлы Дулат. Шығармалары. Өсиетнама: өлеңдер мен дастандар. – Алматы: «Раритет», 2003. – 288 б.
3. Сыздық Р. Ғылыми таным үздіктері. – Алматы: «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы», 2009. Т.3 – 368 б. (118-168 б.)
4. Мұратова Г. Абай тілі және қазақ тілі білімінің мәселелері. – Т.1. Абай сөзі – парасат әлемі: лингво-танымдық зерттеу. Нұр-Сұлтан: 2021. – 228 б.